

«Адося» жеке балабақшасының кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан көшірме

15.05.2023 жыл

Бестамақ ауылы.

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына дайындау;
2. Өзін-өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін жауапты комиссия мүшелерін бекіту;

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі И.Укибасова сөз алып, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына және басқа да білім беру ұйымдарының білім беру қызметтерін регламенттейтін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірлену керек. Жалпы бағалау кезеңі 3 жыл мерзімді қамтиды. Басты мақсаты білім беру ұйымындағы тәрбие мен білім беру процесінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылуын анықтау. Сол себепті өзін-өзі бағалау жұмыстарына қажетті құжаттарды даярлауда барлық ұжым қамтылсын. Сондықтан барлық педагогикалық ұжымға өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу үшін алдағы уақытта атқарылатын іс-шараларды өз міндеттеріңізге алып, ауыз біршілікте жұмыс жасауға шақырамын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе балабақшада өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруды өткізу «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес балабақшада комиссия мүшелерін төмендегі құрамда бекітуді ұсынамын:

- 1.1. комиссия төрағасы-И.Укибасова, меңгеруші;
- 1.2. комиссия мүшесі-А.Зәкір, тәрбиеші;
- 1.3. комиссия мүшесі-Д.Тулегенова, тәрбиеші;
- 1.4. комиссия хатшысы-Э.Кулманова, тәрбиеші;

ШЕШІМ:

1. Бағалау өлшемшартарындағы қосымшаларға сәйкес балабақша ішіндегі педагогтар арасында кіші жұмыс топтар құрылсын;
2. Ұсынылған комиссия мүшелері құрамына бұйрық шығарылып, бекітілсін;

Менгеруші:

Хатшы:



И.Укибасова

Э.Кулманова